

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2687. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қазандағы N 2513 U952513\_ Жарлығының орындалуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру жөніндегі ұйымдық мәселелерді жедел шешу мақсатында:

#### 1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен ұсталатын ішкі істер органдары оперативтік тергеу қызметкерлерінің 4148 адамнан тұратын санын беретін болсын және оларды 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру мәселесін шешетін болсын;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне оның тапсырысы бойынша кезекші бөлімдерді, күзет және өзге қамтамасыз ету бөлімшелерін жасақтау үшін қосымша штат санын бөлсін және оларды қаржыландыру мәселесін шешсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне:

оларға Мемлекеттік тергеу комитеті мен ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлау жөніндегі міндеттерді шешуді жүктей отырып, Алматы және Қарағанды жоғары мектептерін;

жергілікті бюджет немесе ұйымдардың демеушілік көмегі есебінен сатып алынған және тергеу оперативтік бөлімшелеріне бекітіліп берілген көлік және техникалық жарақтарды, өзге мүлікті, ал бөлінетін қызметтер бойынша тепе-тең берілетін штат санын;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 309 адамнан тұратын штат санының резервін беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің құрамына өтетін тергеу оперативтік бөлімшелері

орналасқан ішкі істер органдарының үйлерін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің балансына беретін болсын.

Ішкі істер органдарының бөлімшелерін орналастыру үшін қосымша үй-жайлар бөлінсін. Осы мәселе шешілгенге дейін олардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне берілген үйлерде орналасқан алаңдарды пайдалану құқығы сақталсын.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің төрағасы Ж.А.Тұяқбаев, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қ.Ш.Сүлейменов "Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қазандағы N 2513 Жарлығы мен осы өкімнің мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір апта мерзімде осы өкімді жүзеге асыруды, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен ішкі істер органдарын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды көздейтін қаулы қабылдайтын болсын.

6. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Заңдылықты, құқық тәртібі мен сот реформасын қамтамасыз ету бөліміне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті*